

**«Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КеАҚ мен Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі» КМҚК арасындағы ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Арқалық қаласы

«16» қаңтар 2024 ж

Педагог мамандарды даярлау сапасын арттыру мәселелері бойынша өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы осы меморандум мынадай қатысушылар арасында жасалады:

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын бір жағынан **Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы**, атынан әрекет ететін **ММ басшысы Ибраева Айман Елемановна** және Ережеге сәйкес негізінде **«Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КеАҚ Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы – Ректор Ержан Әмірбекұлы** тұлғасында, Жарғы негізінде әрекет ететін **«Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі» КМҚК**, директор **Мамбетов Руслан Еликбаевич** тұлғасында, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын жоғары білікті мамандарды даярлауға өзара мүдделікті мойындай отырып, дамуға зор маңыз бере отырып, мыналар туралы өзара түсіністікке қол жеткізеді.

Меморандумның мәні

Меморандумның мәні білім беру ұйымдарының қажеттілігін қанағаттандыратын бірлескен ынтымақтастық бағдарламаларын жүзеге асыруға, жаңа технология, ғылыми әзірлеме, жобаларды енгізуге бағытталған білім, ғылым саласындағы өзара мүддені білдіретін ынтымақтастық болып табылады.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Тараптар арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық мыналарды қамтиды:

- 1.1 Білім беру бағдарламаларын талдау, талқылау, ұсыныстар беру мақсатында жұмыс тобын құру;
- 1.2 Тәжірибелі педагогикалық мамандарды оқу процесіне, талап етілетін білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау комиссиясы жұмысына қатысуға тарту;
- 1.3 Білім берудегі озық әдістер мен технологияларды дамыту саласында тәжірибе алмасу;
- 1.4 Өзара мүдделік танытатын мәселелер бойынша ғылыми зерттеулер, жаңа әзірлемелер, жарияланымдар мен басқа да материалдар туралы ақпарат таратуға, әдістемелік сүйемелдеу жүргізуге жәрдемдесу;
- 1.5 Ынтымақтастық жұмыс жоспары негізінде білім беру ұйымдары арасында әдістемелік көмек ретінде материалды техникалық базаны пайдалану;
Меморандум институт пен білім беру ұйымдары арасындағы ынтымақтастықтың негізгі шарттарын анықтайды. Болашақта тараптар қосымша келісім-шарттар мен келісімдер арқылы осы ынтымақтастықтың аясын кеңейтуге құқылы.

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Институт пен Білім беру ұйымы арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық мыналарды көздейді:

- 2.1 Білім беру ұйымында педагогикалық сынып қалыптастыру мақсатында колледж білім алушыларымен педагогикалық-психологиялық зерттеулер жүргізу;
- 2.2 Білім беру ұйымдарының мамандары кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында институт, колледж базасында кәсіби пәннің практикалық сабағын өткізу;

- 2.3 Білім алушыларға Институт бітіргеннен кейін білім беру ұйымдарында жұмыс істеуге кәсіби бағдар беру;
- 2.4 Екі тарап үшін маңызды бағыттар бойынша бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- 2.5 Бірлескен конференциялар, көрмелер, апталықтар, тұсаукесерлер өткізу;
- Шарттық қатынастарды іске асыру үшін және осы Меморандум шарттарының орындалуын қадағалау мақсатында Институт пен Білім беру ұйымдары:
- Осы Меморандумның шарттарын үйлестіру және бақылау үшін жұмыс тобын құруға;
 - Тараптардың әр түрлі бірлескен жобалары шеңберінде бөлек шарттар жасасуға мүмкіндіктері бар.

Институттың міндеттері:

- 2.6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандарттарына, Қазақстан Республикасының заңдары мен институт академиялық белгіленген талаптарға сәйкес оқу үрдісін жүзеге асыруға;
- 2.7. Институт жұмыс берушілердің талаптары мен ұсыныстарын ескере отырып, жаңа және инновациялық білім беру бағдарламаларын Білім беру ұйымдарымен бірлесе даярлауға;
- 2.8. Институтта жаңа білім беру бағдарламаларының ашылуы туралы Білім беру ұйымдарын уақытылы хабардар етуге;
- 2.9. Білім беру ұйымдарының білім алушыларына қажетті зертханалар, кабинеттер, шеберханалар, кітапханаларды, сызбаларды және де басқа да құжаттаманы қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, пайдалануға рұқсат етуге;
- 2.10. Білім беру ұйымдарының мамандарын қорытынды аттестаттау комиссия жұмысына қатысуға, кәсіптік тәжірибелерге, дипломдық жұмыстарына жетекшілік жасауға тартуға;
- 2.11. Тараптар мен келісілген мөлшерде және мерзімде институттың талап етілген білім беру бағдарламасы студенттерін білім беру ұйымдарына кәсіптік тәжірибе өту үшін ұйымдастырып жіберуге;
- 2.12. Білім беру ұйымдарына жұмысқа орналастыруға бағыттау үшін тәжірибелі мұғалімдердің студенттермен кездесуіне мүмкіндік беруге;
- 2.13. Білім беру ұйымдарының жариялаған байқаулары туралы студенттермен оқытушыларға хабарлап және олардың қатысуын қамтамасыз етуге көмектесуге;
- 2.14. Институттың ақпараттық технологиялар орталығының жұмысымен білім беру ұйымдарын таныстыруға міндеттеледі;

Колледж міндеттері:

- 2.15. Тараптармен келісілген мөлшерде білім беру ұйымдарында институт студенттерінің кәсіптік тәжірибелерін ұйымдастыруды қамтамасыз етуге;
- 2.16. Институт студенттерінің кәсіптік тәжірибелеріне сапалық жетекшілік жасалуын қамтамасыз етуге;
- 2.17. Білім беру ұйымдарының мамандары қорытынды аттестаттау комиссияларының жұмысына қатысуын, кәсіптік тәжірибелерге, дипломдық жұмыстарына жетекшілік жасауын қамтамасыз етуге;
- 2.18. Білім беру ұйымдарының мамандары дипломдық жұмыстардың, сондай-ақ бірлескен зерттеулердің, әдістемелік іс-шаралар бойынша ұсыныстар дайындауын қамтамасыз етуге;
- 2.19. Институт студенттері мен қызметкерлеріне білім беру ұйымдарының оқу үрдісіне ғылыми зерттеулер, дипломдық жұмыстар мен жобалар нәтижелерін енгізуіне көмек беруге;
- 2.20. Кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізу мақсатында білім беру ұйымдарына институт күнін ұйымдастыруға ;
- 2.21. Білім беру ұйымдарының білім алушыларына қолдануға берілген қажетті зертханалар, кабинеттер, шеберханалар, кітапханалар, сызбалар және де басқа да материалды-техникалық базаға нұсқан келтірген жағдайда шығынын өтеуге міндеттеледі.

3. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 3.1. Осы Меморандумның шеңберінде Тараптар ешбір әрекеттерімен Тараптардың кез келген құқықтары мен өкілеттіліктеріне қысым жасамайды.
- 3.2. Осы меморандумның қолданылу саласына байланысты мәселелер бойынша Тараптар арасындағы кез-келген даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер немесе кеңестер арқылы шешілетін болады. Осы меморандум шеңберіндегі шараларды өткізу үшін жасалған келісімшарттардың іске асыру кезінде туындайтын даулар осы келісімшартта анықталады.
- 3.3. Осы меморандумға өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған түрде рәсімделеді және осы меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.
- 3.4. Осы Меморандум екі Тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және екі Тараптың өзара келісімі бойынша немесе Тараптардың бірінің өтініші бойынша 30 күннен кешіктірмей, басқа Тарапқа алдын ала хабарлай отырып тоқтатпайынша, жалғастырылуы тиіс.
- 3.5. Меморандум мәтіні әрбір тарап үшін бір (1) дана мемлекеттік тілде жазылады.
- 3.6. Меморандум мерзімі 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына жасалады.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАРЫ

«Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ басшысы

А. Ибраева

«Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КеАК
Басқарма төрағасы-Ректор

Е.Әмірбекұлы

«Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі» КМҚК директоры

Р.Мамбетов